

2 Мырзабаева Б.М. Қазақстанның эпидемиялық жайсыз аудандарындағы балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуын зерделеу. Алматы қаласының тамақтанудың аймақтық мәселелері институты // гигиена және тазалық. -2001-№8.-С.50-51.

3 Селиванов А.П., Ямпольская И.Я., Томаш В.В. Атмосфераның ластануы мектеп жасындағы балалардың денсаулық деңгейін анықтайтын негізгі факторлардың бірі // Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау журналы. -1984 жыл. 15 басылым. 17-20 беттер.

4 Чикишева Т.А. Антропологиялық ерекшеліктердің экологиялық факторлармен байланысы (Алтай- Саян аймақтарының мысалында). Новосибирь қаласы, 1992 жыл. – 162 бет.

5 Агаджанян Н.А., Кузменко Л.Г. Ресейдің кейбір аудандарындағы антропогендік ластану және оның балалар денсаулығына әсері // Балалардың экопатологиялары журналы, В.Н. Ярыгин- редакторы. 1995 жыл. 118-125 беттер.

**Динамика роста и развития детей школьников
казахской национальности проживающих в г. Тараз**

А.М. Толемисова

Физическое развитие детей и подростков подчиняется общим биологическим законам и отражает общие закономерности роста и развития. Однако по результатам проведенных исследований среди групп детей одной возрастной группы, но проживающих различных зонах (чистой и грязной) загрязнения атмосферы и других объектов окружающей установлены существенные различия в физических параметрах процессов роста подрастающего поколения.

Ключевые слова: Антропометрические показатели, город Тараз, показатели физического развития, окружность груди.

**Processes of the growing and developments baby
schoolboy to kazakh nationality living in Taraz**

А.М. Tolemissova

The Physical development baby and teenager will comply with the general biological law and reflects general growing and evelopments. However on result called on amongst groups baby one age group, but living different zone (clean and dirty) of the contamination of atmosphere and the other object surrounding are installed essential differences in physical parameter of the processes of the growing growing generations.

Key words: Antropometricheskie factors, city Taraz, factors of the physical development, circumference bosom.

ӨОК 616-053.2/ 5:574

**СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ ӘРТҮРЛІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ
ЫҚПАЛЫНДАҒЫ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДА
СРИНИНГТІК ТЕКСЕРІС НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН СЫРҚАТТЫЛЫҚ
БЕЛГІЛЕР МЕН ШАҒЫМДАР ТОПТАМАСЫНА ЖАЛПЫ СИПАТТАМА**

**А.М. Төлемісова, Ш.Ж. Тазабекова, Б.К. Сулейменов,
Ж.А. Калмакова, К.К. Рахимбекова, Г.Е. Махамбетова**

Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институты

Экология және адам денсаулығы бүгінгі таңда біздің республикадағы барлық қоғам мүшелерін алаңдатып отырған өзекті мәселе екендігі баршамызға аян. Кейінгі бірнеше ондаған жылдардың ішінде ғана ересектер мен балалардың денсаулық жағдайларында қоршаған орта факторларының ықпалынан туындайтын ауытқушылықтар мен сырқаттанушылық белгілерінің белең алып отырғаны да белгілі. Сол себепті де біздің бұл мақалада беріп отырған зерттеулеріміз мектеп балалары арасындағы осы өзгешеліктердің таралуын зерделеуге бағытталған.

Түйін сөздер: Қошаған орта, балалар денсаулығы, скринингтік тексеріс, аурушандық белгісі.

Бүгінгі таңда балалардың физикалық дамуы денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіші болып табылатыны белгілі. Солай бола тұрса да, біздің елімізде балалар мен жасөспірімдердің физикалық даму көрсеткіштері мен денсаулық жағдайлары арасындағы байланыс толығымен зерделенбей келеді. Жоғарыда республикамыздың әртүрлі климаттық-географиялық аймақтарында орналасқан Қарағанды, Алматы, Тараз қалаларындағы балалар мен жасөспірімдердің физикалық даму көрсеткіштеріне баға бере отырып, зерделеу барысында анықталған өзгешеліктер мен топтар арасындағы айырмашылықтарды жалпы балалардың денсаулық жағдайларымен байланыстыра отырып талдауды мақсат еттік. Осы бағытта жүргізілген мектеп жасындағы балалардың скринингтік және тереңдетілген медициналық тексерістерінің қорытындысы төмендегідей болып белгіленді.

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың денсаулықтарындағы қандайда бір ауытқушылықтар жыл сайын арнайы жүргізілетін жалпы медициналық тексерістер арқылы табылады. Бұл тексерістердің құндылығы балалардың физикалық дамуы мен денсаулықтарындағы әртүрлі сырқаттар мен ауытқушылықтарды ерте уақыттан табу мақсатындағы тәжірибеге кіргізілген «скрининг-сынақтардың» нәтижелерімен одан әрі арта түскені белгілі. Осы әдістеме негізінде жалпы дәрігерлік тексерістермен еленбейтін, балалар мен жасөспірімдер бойындағы денсаулық

көрсеткіштеріндегі ауытқушылықтарды алдынала белгілеп, арнайы тағайындалған қосымша медициналық тексерістер арқылы олардың деңгейлік шамаларына шынайы баға беруге қол жеткізілді.

Скрининг бағдарламасындағы мағлұматты бөлім балалардың шағымы мен ауытқушылықтардың пайда болу мерзімдерін анықтауға арналған анкеталық сұрақ бөлімі. Осы сауалнамалар негізінде бала организміндегі барлық жүйелерді қамтитын ауытқушылықтардың белгілері мен симптоматикалық құрылымдарын анықтауға қол жеткіздік.

Біздің зерттеулерімізбен қамтылған Қарағанды, Тараз, Алматы қалаларындағы 7-17 жас аралығындағы 4350 балалар мен жасөспірімдер тұрғылықты аудандарындағы сырқы орта нысандарының әр түрлі ластаушы заттардың белгіленген санитарлық талапқа сай мөлшеріне байланысты «таза» және «ластанған» топтарға бөлініп, алынған қорытындылар мен патологиялық белгілерге топтар арасындағы шамалар негізінде салыстырмалы түрде баға беруге қол жеткізілді. Сонымен қатар, зерттеу тотарындағы балалар мен жасөспірімдер жас шамаларына байланысты: «төменгі мектеп жасындағылар» яғни, 7-11 жас арлығындағылар, «орта мектеп жасындағылар», яғни 12-14 арлығындағы және «жоғарғы мектеп жасындағыларға» яғни, 15-17 жасөспірімдер топтарына бөлініп зерделенді (кесте 1).

Кесте 1 – Скринингтік зерттеумен қамтылған 7-17 жас арасындағы мектеп оқушыларының жас аралық құрылымы

Қалалар	Жасы						Барлығы
	7-11		12-14		15-17		
	Таза аудан	Лас аудан	Таза аудан	Лас аудан	Таза аудан	Лас аудан	
Алматы	320	340	225	245	195	175	1500
Тараз	310	325	195	175	160	155	1320
Қарағанды	335	355	210	260	180	190	1530
Барлығы	965	1020	630	680	535	520	4350

Әр қалада тұрып-өмір сүріп келе жатқан өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайларындағы ауытқушылықтар мен теріс бағыттағы өзгерістерді қоршаған орта факторларының ықпалымен байланыстыра отырып, топтар аралық салыстыру арқылы зерделеу елімізде осы уақыт аралығында қолға алынбай келе жатқан мәселе. Сол себепті де, біздің алға қойған мақсатымызбен, қолға алынған мәселенің ұштасар тұсы да осында.

2 кестеде көрсетілгендей зерттеумен қамтылған балалардың шағымдарын зерделей келе Тараз және Алматы қалаларында жүйке

жүйелері аурулары басым белсенділікте болғаны анықталып, басқа ауру кластарында әр қаладағы топтар арасында айтарлықтай өзгешеліктер мен айырмашылықтардың болғаны белгіленді. Жүйке жүйелері ауруларына қатысты шағымдардың деңгейі 48,7% мөлшерінде тіркелсе, Алматы қаласындағы деңгейлік мөлшер 32,3% және Қарағанды қаласындағы осы класс ауруларына қатысты шағымдар деңгейі 22,7% мөлшерінде тіркеліп, барлық ауру кластарына қатысты шағымдар арасында II рангілік орынды иемденді.

Кесте 2 – Скрининг қорытындысы негізінде анықталған аурулар кластарының шамалық деңгейлері мен рангілік орындары (10 қайта қаралған аурулардың халықаралық классификациясы бойынша –АХК)

Аурулар класы (АХК-10)	Алматы		Тараз		Қарағанды	
	%	Рангілік орыны	%	Рангілік орыны	%	Рангілік орыны
VI	32,3	1	48,7	1	22,7	2
IX	14,5	3	7,4	5	5,8	6
X	25,5	2	18,3	3	31,4	1
XIV	4,1	7	6,0	6	7,2	5
XI	13,7	4	7,6	4	15,9	3
XII	5,3	5	20,4	2	13,1	4
IV	4,6	6	1,6	7	5,9	7

Қарағанды қаласындағы скринингтік әдіспен анықталған аурулар кластары арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш тыныс алу жүйесіне қатысты болып, 31,4% мөлшерінде тіркелді. Сонымен қатар, осы қалалардағы балалар арасындағы скринингтік тексеріс нәтижесінде тіркелген аурулар арасында III рангілік орынды иемденген ас қорыту жүйелері аурулары (15,9%) мөлшері Тараз қаласында осы ауру класы бойынша тіркелген (7.6%) деңгейден әесеге дейін, ал Алматы қаласы балалары мен жасөспірімдері арасында 13,7% мөлшермен IV рангілік орынды иемденгені белгіленді.

Қарағанды қаласында жоғарғы деңгейлік мөлшерде тіркелген тыныс алу жүйелеріне қатысты шағымдар мен белгілер Алматы қаласында да жоғарғы белсенділікте болып, 25,5% мөлшерімен жүйке жүйелері ауруларынан кейінгі орында тіркелді. Ал Тараз қаласында II рангілік орында анықталған (20,4%) тері және тері асты қабаты аурулары, оның ішінде әртүрлі аллергиялық негіздегі аурулардың басым үрдісін байқалдық. Керісінше тыныс алу жүйесі ауруларына қатысты скирингтік тексеріс кезінде анықталған шағымдар мен белгілер 18,3 % мөлшерінде, яғни осы ауруларға қатысты басқа қалаларда тіркелген көрсеткіштерге қарағанда 7.2% (Алматы) және 13,1% (Тараз) пайыздық мөлшерге кем болғанын анықтадық.

Қорытынды

1. Әр қалада тұрып-өмір сүріп келе жатқан өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайларындағы ауытқушылықтар сол балалардың өмір сүру орталарына байланысты әр түрлі құрамда және әртүрлі көрсеткіштің деңгейде болады.

2. Жүйке жүйелері ауруларына қатысты шағымдар тобының ең жоғарғы деңгейі 48,7% мөлшерімен Алматы қаласында анықталды. Басқа да зерттеумен қамтылған қалалардағы осы сырқаттылық класына қатысты көрсеткіштік деңгей 32,3% мөлшерде Тараз және 22,7% мөлшерде Қарағанды қаласында тіркелінген.

3. Қарағанды қаласындағы скринингтік әдіспен анықталған аурулар кластары арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш тыныс алу жүйесіне қатысты болып, 31,4% мөлшерінде белгіленді.

Әдебиеттер

1. Щепин О.П. Өскелең ұрпақтың денсаулығының қалыптасуы құбылыстарындағы ерекшеліктер// Ана мен баланы қолғау мәселері – 1990, т.35. №2, с.3-7.
2. Смоляр В.И. Балалар мен жасөспірімдердің өсуіндегі гигиеналық мәселелер. Киев, Денсаулық, 1985, 128 с.
3. Година Г.З., Миклашевская Н.Н. Қала балаларының соматикалық жетілуіндегі кейінгі 20 жылдағы ерекшеліктері: Мәскеу қаласы балаларының мысалында // Ғылым министрлігі академиясының күнделігі. - 1990 жыл. №8 – 79 бет.
4. Филиппов В.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың акселарациялық құбылыстарындағы морфологиялық өзгерістер және оларды анықтайтын факторларға талдау: мед.ғыл.канд. диссерт.- М., 1988 жыл.- 188 бет.
5. Керімов М.К. Таулы жерлердегі балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуіндегі ерекшеліктер// биол.ғылым.док. диссертациясы Новосібір қаласы. – 1984 жыл.-30 бет.

Изучение признаков болезней и анамнестических данных выявленных на основании скрининг исследования детей школьного возраста проживающих в различных регионах экологического неблагополучия

А.М. Толемисова, Ш.Ж. Тазабекова, Б.К. Сулейменов,
Ж.А. Калмакова, К.К. Рахимбекова, Г.Е. Махамбетова

Экология и здоровья человека – одна из актуальных проблем, к которой в настоящее время привлечено внимание общественности Республики. В последние десятилетия произошли существенные изменения в состоянии здоровья взрослого и детского населения, проявившиеся ростом хронических заболеваний, на возникновение которых большое влияние оказывают неблагоприятные факторы окружающей среды.

Ключевые слова: Окружающая среда, здоровья детей, скрининг обследование, признаки болезней.

The Study sign diseases and given revealed on bases scринing studies baby school age living in different region ecological.

A.M. Tolemisova, Sh.Zh. Tazabekova, B.K. Suleymenov,
Zh.A. Kalmacova, K.K. Rakymbecova, G.E. Makhambetova

The Ecology and health of the person – one of the actual problems, to which is at present attracted attention to public of the Republic. In the last decennial events have occurred the essential changes to picture of health adult and baby population, growing of the chronic diseases, on origin which big influence render the disadvantage factors surrounding ambiances.

Key words: Surrounding ambience, health baby, scринing examination, signs of the diseases.